

«БЕКІТЕМІН»

«Сафуан Шаймерденов атындағы
қалалық классикалық гимназия» КММ
директорының м.а. Алпысбаева.Н.Б
2 қыркүйек 2025 жыл

ГИМНАЗИЯНЫҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТӘРТІБІ

Ереженің мақсаты: Қазақстан Республикасы жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту, оқушыларға мектепте білім алуға қолайлы жағдай туғызу және мектеп маңайында оқушылардың жүріп тұруына қауіпсіздік жасау.

ТӘРТІП ПЕН БІРКЕЛКІ МЕКТЕП ФОРМАСЫ ОҚУ ОРТАСЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АРТТЫРАДЫ.

1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабының 15-1-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдарында ОҚУШЫЛАР білім беру саласындағы белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 39-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген.

1.1 Ұлдардың мектеп формасы:

Қою көк түсті пиджак, қою көк түсті жилет, қою көк түсті шалбар, ақ түсті салтанатты жейде, күнделікті ақ немесе ақшыл көк түсті жейде не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы кезең: көк түсті трикотаж свитер, ақ және ақшыл көк түсті водолазка); Ұлдарға арналған шалбарлар классикалық тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Аяқ киім қара немесе қою көк түсті болу керек; Мектеп формасының оң жақ кеудесінде гимназияның логотипі бейленген шеврон тігілуі болуы керек.

1.2. Қыздардың мектеп формасы:

Қою көк түсті пиджак, қою көк түсті жилет, қою көк түсті кең етекті юбка, үш түсті (көк, қызыл, ақ) торлы матадан кең етекті юбка, юбканың ұзындығы тізеден төмен, қою көк түсті шалбар, классикалық кеңсе стиліндегі салтанатты ақ жейде, күнделікті ақ немесе ақшыл көк жейде не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы кезең: көк түсті трикотаж жилет, сарафан, ақ және ақшыл көк түсті водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар классикалық тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Аяқ киім қара немесе қою көк түсті болу керек және 3 см биік болмауы тиіс; Мектеп формасының оң жақ кеудесінде гимназияның логотипі бейленген шеврон тігілуі болуы керек.

1.3. Қыз баланың шаш үлгісі классикалық үлгіде жиналу керек; Қыз балалар шаштарын әр түрлі түстерге(сары, қызыл, көк тб) бояуға, бос жіберуге, денеге пирсинг, татуировка, қымбатты әшекейлер тағуға, беттік бояуларды (косметика) пайдалануға, жасанды кірпік, ұзын тырнақ, түрлі түсті боялған маникюр, түрлі түсті линза тағуға, мектеп ішінде (тақия, орамал, телпек) киіп жүруге, сабаққа кроссовкимен кіруге, түрлі түсті күрте жейде киюге тыйым салынады;

1.4. Ер балаларға шаш өсіруге, әр түрлі түске бояуға, мектеп оқушысына тән емес стильде шаш үлгісін қоюға, бұйралауға, сақал, мұрт қоюға, әр түрлі зергерлік бұйымдар тағуға; денеге пирсинг, татуировка, мектеп ішінде (тақия, телпек) киіп жүруге, сабаққа кроссовкимен кіруге, түрлі түсті күрте жейде киюге тыйым салынады;

1.5. Мектепте, тазалықты сақтау мақсатында оқушылар екінші жеңіл аяқ киім киіп жүруі керек. Спорттық киімді дене шынықтыру сабағында ғана кию керек, басқа сабақта кию орынсыз. Ұлдар мен қыздар бірдей **ақ түсті футболка және спорттық қара шалбарды** мектеп формасына қойылатын талаптарға сақтауға міндетті. Оқушыларға Спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовка, кеды) тұрады;

1.6. Мектепте себепсіз сыртыңы киіммен жүруге болмайды;

1.7. Салтанатты жиналыстарға және жалпымектептік шараларға оқушылар мерекелік киім киіп келуге тиіс. Мемлекеттік мерекелерге қара капрон киюге тыйым салынады. Мектеп формасы зайырлы қоғамға сәйкес болуы;

1.8. Мерекелік кештерге, концерт және дискотекаларға оқушылар қалаған киімдерін киіп келуге рұқсат.

2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1 Ішкі тәртіп **ережелерін**, білім беру ұйымының **Жарғысын** сақтайды;

2.2. Сабақ басталар алдында барлық оқушылар ұялы телефондарын сынып жетекшісіне тапсырады. Бұл – оқу барысында алаңдаушылықты азайтып, білім сапасын арттыруға бағытталған;

2.3. Апта сайын, әр дүйсенбі күні сабақ басталар алдында **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні** орындалады;

2.4. Апта сайын, әр сейсенбі күні сабақ басталар алдында дене сергіту жаттығулары жасалады;

2.5.Сәрсенбі күндері, апта ортасында, белгілі қоғам және әдебиет қайраткері, **Қазақстанның Халық жазушысы Сафуан Шаймерденовтың құрметіне арналған марш** орындалады; Жұма күні-«**Ұлттық киім кию**» күні.

2.6. Мектепке оқушы сабақ сабақ басталар алдында 10-15 минут бұрын кешікпей таза және ұқыпты мектеп формасымен келуі керек. Мектепке кіргеннен кейін мектеп мұғалімдері, қызметкерлерімен амандасып, киім ілінетін бөлмеде сыртқы киімін шешіп, екінші ауыстыратын аяқ-киімін киеді. Кейін сабақ өтетін сыныпқа барып, өз жұмыс орнына отырып, сабаққа керекті құралдарды дайындайды; Үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау керек;

2.7. Сабаққа 15 минут қалғанда дүйсенбі күні мемлекеттік гимн, сәрсенбі күні Сафуан маршы айтылады. Гимн, марш сөздерін жатқа айтуға міндетті. Бұл күндері сабаққа 25-30 минут ерте келуі тиіс;

2.8. Оқушылар бір-бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым- қатынаста болу керек. Бір-бірімен сөйлескенде бұзақы, бейбастақ сөздерді қолданбай, тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек. Үлкен адамдарды сыйлауға, «сіз» деп сөйлеуге, кішіге ізет көрсетуге, оларға қажет жағдайда көмектесуге міндетті;

2.9. Гимназия оқушылары бір-бірімен, ұстаздармен, ата-аналарымен, мектеп қызметкерлерімен мемлекеттік - қазақ тілінде сөйлесуге міндетті; Мектеп қызметкерлері мен ұстаздарға дөрекі сөйлеп, сөз қайтармауға, дауыстап күлмеуге, сөйлесу мәдениетін сақтап мұғалімдердің және мектептің басқа қызметкерлердің талаптарын орындауға міндетті;

2.10. Басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың мүдделеріне нұсқан келтірмеу, кішілерге көмектесу; Физикалық қысым, қорқыту мен қорлаудан, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу. Тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау;

2.11. Оқушы сабақты босатқан жағдайда сынып жетекшісіне сырқаттануы туралы дәрігерден анықтамасын немесе сабақ босатқан себебі туралы ата-анасының қолхатын беруі тиіс. Сынып жетекшісінің және мейірбикенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау;

2.12. Еңбек тәрбиесі бойынша тапсырмаларды орындау барысында қауіпсіздік техника ережелерін қатаң сақтауы тиіс. Әр оқушы өрт қауіпсіздігі мен жол ережелерінің қауіпсіздігін сақтауға міндетті;

2.13. 1-4 сынып аралығындағы оқушыларды міндетті түрде ата-аналары мектепке дейін алып келіп, сабақ аяқталған соң алып кетуі қажет;

2.14. Жоғалған немесе ұмытып кеткен затты тауып алған жағдайда кезекші мұғалімге, сынып жетекшісіне немесе мектеп әкімшілігіне тапсыруы тиіс;

2.15. Мектеп ауласындағы тазалық пен тәртіпті сақтауға, мектептің, өзінің және басқаның мүлігін сақтап, жасыл желектерге ұқыптылықпен карауға, күтуге міндетті. Оқушы мектеп мүлігін бүлдірген жағдайда ата-анасы оны қалпына келтіруге немесе орнына қайтаруға міндетті;

2.16. Оқушылар құқықбұзушылық (440, 441, 442, 434, 435, 425) баптары мен қылмыстық кодекстің (103, 104, 175, 178, 181) баптары, сонымен қатар кәмелетке толмаған баланың түнгі уақытта (22.00-06.00) заңды өкілсіз жүруі (442-2 бап), ойын – сауық орындарында жүруіне (442-1 бап) байланысты әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы заңдарды білуге міндетті;

2.17. Гимназия оқушылары академиялық адалдықты сақтау ережелерін сақтауға міндетті;

2.18. Әдепті және адал болу, мектеп қауымдастығы мүшелерінің қадір-қасиеті мен тең құқықтарын құрметтеу, тілдік, ұлттық, діни және өзге де белгілері бойынша кемсітуге жол бермеуге міндетті;

2.19. Оқу үлгерімі, тәртібі, сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру туралы заңды өкілдерін үнемі хабардар етуге міндетті;

2.20. Оқулықтар мен оқу құралдарын, жабдықтарды (музыкалық аспаптар, техникалық оқу құралдары) жарамды күйде ұстауға міндетті;

2.21. Қоғамдық пайдалы жұмыстарға және іс-шараларға қатысу (сыныптарды жинау, аумақты тазалау, әлеуметтік жобаларға, тәжірибелерге қатысу және т.б) .

3. ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Мектеп оқушыларына:

- 3.1. Мектепке бағалы ұялы телефон алып келіуне және сабақ уақытында ұялы телефондарын пайдалануға тыйым салынады;
- 3.2. Оқушы қоғамға кері әсер ететін насихат жұмыстарына араласуға тыйым салынады;
- 3.3. Мектеп оқушылары кешкі сағат 22.00-ден бастап қоғамдық орындарда заңды өкілдерсіз (ата-анасыз) жүруге тыйым салынады;
- 3.4. Мектептің күнделікті ережесін бұзуға, себепсіз сабаққа кешігуге, себепсіз келмей калуға;
- 3.2. Сабақ уақытында, мерекелік іс-шараларда мектептен және мектеп маңынан мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің, сынып жетекшілерінің рұқсатынсыз кетуге;
- 3.5. Сабақ уақытында ұялы телефон, наушник, электронды қол сағат пайдалануға тыйым салынады. Ұялы телефондары мен басқа да бағалы заттары жоғалған және зақымданған жағдайда мұғалім және мектеп әкімшілігі оған жауап бермейтіндігі ескертіледі.
- 3.6. Мектепке салқын қару, жарғыш немесе жанғыш заттарды, алкогольды сусын, энергетик, наркотик, газ баллондарын, улы және дәрігер қолдануға қатаң тыйым салынған басқа да заттар әкелуге тыйым салынады;
- 3.7. Спирттік ішімдіктер, темекі, наша және насыбай т.б заттарды қолдануға, сағыз шайнауға;
- 3.8. Кешкі уақытта қоғамдық орындарда, көшеде жүруге;
- 3.9. Басқа оқушылардың денсаулығына зиян келтіретін әрекеттер жасауға;
- 3.8. Терезе жақтауында отыруға, өз бетімен терезені ашуға қатаң тыйым салынады;
- 3.9. Сабақ уақытында оқушыларға әкімшіліктің және сынып жетекшілердің рұқсатынсыз мектеп ауласына шығуға болмайды.
- 3.10. Үзіліс кезінде оқушыларға бірін бірі итеруге, дауыс көтеріп айқайлауға, лас сөздер айтуға, шулауға, күш қолдануға, төбелесуге тыйым салынады.
- 3.11. Сатымен және дәлізде, сынып бөлмесінде жүгіруге, ойнауға қатаң түрде тыйым салынады.
- 3.12. Дәретхананы пайдаланған кезде оқушылар тазалық пен тәртіпті, жеке бас гигиена тәртіптерін сақтаулары тиіс, унитаздарды жеке бас гигиенасының бұйымдарымен бітеп тастауларына болмайды.
- 3.13. Дәретханада қажетсіз бөгелуге тыйым салынады. Дәретханада темекі т.б заттарды тартуға, аяқ киім жууға, жарықты сөндіріп ойнауға **қатаң тыйым салынады.**
- 3.14. Сабақ үстінде тағам жеуге, су ішуге, басқа істермен айналысуға тыйым салынады.